

KASE АПТАЛЫҒЫ

08–12 Маусым, 2026

KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- ▲ KASE Директорлар кеңесі KASE Басқармасының өкілеттік мерзімін 2029 жылдың 01 шілдесіне дейін [ұзартты](#).
- ▲ KASE ресми тізіміне "Еуразиялық банк" АҚ [KZ2C00018455](#) (EUBNb19), "TAS FINANCE GROUP" МҚҰ ЖШС (TAC ФИНАНС ГРУПП) [KZ2P00018468](#) (MFTSb8) және [KZ2P00018476](#) (MFTSb9), "Eurasia Building-British" ЖШС [KZ2P00018419](#) (ERBBpp1) облигациялары және Еуразиялық Даму Банкі облигацияларының [төрт шығарылымы](#) енгізілді.
- ▲ KASE-де "ОнлайнҚазҚаржы МҚҰ" ЖШС [KZ2C00018240](#) (MFOKb35), "Сейф-Ломбард" ЖШС [KZ2P00017395](#) (MFSLb15), "CapitalCredit" МҚҰ ЖШС [KZ2P00018153](#) (MFCRb1), "BASS Gold" ЖШС [KZ2P00018435](#) (FPSTb11), "Swiss Capital (Свисс Капитал)" МҚҰ ЖШС [KZ2P00018302](#) (MFSCb10) және АҚШ Қаржы министрлігінің [US912797UB14](#) (US192_2606) халықаралық облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- ▲ "Teniz Capital Investment Banking" АҚ-қа "Онлайн Қазқаржы МҚҰ" АҚ [KZ2C00015394](#) (MFOKb28) облигациялары бойынша KASE-де маркет-мейкер мәртебесі [берілді](#).
- ▲ "BCC Invest" АҚ-қа KASE-дегі төрт атаудағы облигациялар бойынша маркет-мейкер мәртебесі [берілді](#).

ОРНАЛАСТЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- ▲ Қазақстан Қаржы министрлігі 62,5 млн МЕТИСКАМ [KZKF00000020](#) (MTC048_0002) және 56,0 млн МЕТИСКАМ [KZKF00000038](#) (MTC084_0001) орналастырды.
- ▲ BI Development Ltd. жеке компаниясы жазылым арқылы [KZ2D00015336](#) (BIGDb7) және [KZ2D00015419](#) (BIGDb11) облигацияларын орналастырып, 19,1 млрд теңге тартты.
- ▲ "KMF Банк" АҚ [KZ2C00018034](#) (MFKMb10) облигацияларын орналастыру арқылы 831,7 млн теңге [тартылды](#).
- ▲ "KMF Банк" АҚ [KZ2C00018125](#) (MFKMb11) облигацияларын орналастыру арқылы 14,0 млн теңге [тартты](#).
- ▲ "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ [KZ2C00012151](#) (KFUSb88) облигацияларын орналастыру арқылы 4,9 млрд теңге [тартты](#).
- ▲ "Қазақстанның орнықтылық қоры" АҚ [KZ2C00015154](#) (KFUSb110) облигацияларын орналастыру арқылы 4,8 млрд теңге [тартты](#).
- ▲ "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ [KZ2C00018232](#) (IDFRb9) облигацияларды орналастыру арқылы 20,0 млрд теңге [тартты](#).
- ▲ KASE-де "AltaMet Minerals" АҚ-тың 229,0 млн теңге сомасына [KZ1C00015510](#) (ALMT) 203 050 жай акциясы [сатылды](#).
- ▲ Жеті облыс әкімдіктері 21,0 млрд теңге [тартты](#).

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- ▲ "Эйр Астана" АҚ 2026 жылдың 01-05 маусымы аралығында өзінің бағалы қағаздарымен жасалған мәмілелер туралы ақпарат [берді](#).
- ▲ "ҚазТрансОйл" АҚ 2025 жылға [KZ1C00000744](#) (KZTO) жай акциялары бойынша дивиденд [төледі](#).
- ▲ "Даму" АҚ жай акциялары бойынша 2025 жылға дивиденд [төледі](#).
- ▲ "Қазақстандық тұрғын үй компаниясы" АҚ жай акциялары бойынша 2025 жылға дивиденд [төледі](#).
- ▲ "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ Moody's Ratings агенттігі қоғамның рейтингтік бағаларын көтергенін [хабарлады](#), болжам "Тұрақты".
- ▲ "Ұлттық ақпараттық технологиялар" АҚ Fitch Ratings агенттігі компанияның рейтингтік бағаларын растағанын [хабарлады](#), болжам "Тұрақты".
- ▲ "Alatau City Bank" АҚ Moody's Ratings агенттігінің банктің рейтингтік бағаларын растағанын [хабарлады](#), болжам "оң".


	Бағасы	Трендтер (%)	
		Δ 7к	Δ 1а
12.06.2026	7 753,57	-0,4	2,3
KASE Индексі			
Intel Corporation	124,0	21,1	6,9
Advanced Micro Devices, Inc.	511,1	7,3	19,7
Bank of America Corporation	55,8	3,6	11,0
АО "Национальная компания "КазМунайГаз"	32 890,0	3,4	9,8
AT&T Inc.	23,4	2,8	- 7,7
АО "КазТрансОйл"	1 146,0	1,7	- 2,3
АО "Банк ЦентрКредит"	4 664,5	1,5	3,0
Pfizer Inc.	26,3	0,3	0,9
АО "Народный Банк Казахстана"	381,0	0,2	- 0,8
АО "KM GOLD"	61,5	- 0,1	- 8,1
АО "KEGOC"	1 436,4	- 0,3	1,1
АО "Кселл"	3 237,0	- 0,6	1,4
PayPal Holdings Inc.	41,3	- 0,8	- 8,6
АО "Казателеком"	40 652,0	- 0,8	- 4,2
АО "ForteBank"	11,1	- 1,4	- 9,4
NVIDIA Corp.	204,6	- 1,8	- 5,7
АО "Эйр Астана"	645,0	- 2,0	- 4,5
Tesla, Inc.	392,0	- 2,3	- 7,6
АО "Национальная атомная компания "Казатомпром"	35 699,0	- 3,0	- 3,0
АО Kaspi.kz	40 900,0	- 3,4	4,3
Apple Inc.	292,5	- 6,7	- 0,6
Microsoft Corporation	389,7	- 7,1	- 4,9
Freedom Holding Corp.	143,6	- 8,4	0,4

Анықтама: жасып түспен индекстік акциялар белгіленген

KASE Индексінің акциялары



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



Өткен аптаның қорытындысы бойынша KASE индексі 0,4 %-дан 7 753,57 тармаққа дейін төмендеді. KASE Индексінің өкілдік тізіміндегі 10 акцияның 4-і аптаны жасыл аймақта аяқтады.

Мұнай-газ секторы өкілдерінің қағаздары ең үздік динамиканы көрсетті: ҚазМұнайГаз акциялары 3,4 % өсті, ал ҚазТрансОйл акциялары 1,7 % қымбаттады. ҚазТрансОйл 2026 жылдың 11 маусымында компанияның жай акциялары бойынша 2025 жылға дивиденд төленгенін хабарлады. ҚазТрансОйл акционерлеріне дивиденд түрінде төленген қаражаттың жалпы сомасы 45 386 115 682 теңгені құрады. Бір жай акцияға дивиденд мөлшері 118 теңгені болды.


1,5 % қымбаттаған ЦентрКредит Банкінің жай акциялары үздік үштікті жабады.

Қаржы секторы өкілдерінің басқа акциялары көп бағытты динамиканы көрсетті: Kaspi.kz акциялары 3,4 % арзандады, ал Halyk Bank-тің жай акциялары сәйкесінше 0,2 % қымбаттады. 11 маусымда Kaspi.kz акционерлерінің жалпы жиналысы 2026 жылдың бірінші тоқсанына компанияның жай акциялары бойынша бір жай акцияға 850 теңге мөлшерінде дивиденд төлеу туралы шешім қабылдады. Акционерлердің тізімі бекітілген күн - 2026 жылдың 10 маусымы. Төлем басталған күн - 2026 жылдың 11 маусымы.


Эйр Астана акцияларының бағасы 2 % түсті. Компания 2026 жылдың 01 маусымы мен 2026 жылдың 05 маусымы аралығында 105 794,92 АҚШ доллары көлемінде 19 390 жаһандық депозитарлық қолхат сатып алғанын хабарлады.

Ақша нарығында апта қорытындысы бойынша TONIA бір күндік репо тарту мөлшерлемесі жылдық 17,18 %-ға дейін төмендеді. Бір күндік валюталық своп операцияларының бір аптадағы кірістілігі жылдық 13,05 %-ға дейін төмендеді.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме



ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері



Тәуекелсіз қысық кірістілігі



Мамыр айының қорытындысы бойынша теңге бағамы 5,1%-ға әлсіреп, 1 АҚШ доллары үшін 486,51 теңге деңгейінде қалыптасты. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа күндік көлемі бір айда 394 млн АҚШ долларынан 392 млн АҚШ долларына дейін төмендеді. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 6,7 млрд АҚШ долларына жетті.

Мамыр айында республикалық бюджетке трансферттер бөлуді қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық қордан 500 млн АҚШ доллары көлемінде валюта сатылды. Бұл ретте Ұлттық қордан сату үлесі жалпы сауда-саттық көлемінің 7,5%-ын немесе күніне шамамен 29,4 млн АҚШ долларын көрсетті.

Күтілетін фискалдык түсімдерді және Үкіметтің алдын ала болжамды өтінімдерін ескере отырып, Ұлттық Банк маусым айында республикалық бюджетке трансферттер бөлу үшін Ұлттық қордан 200 млн АҚШ долларынан 300 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатуды жоспарлап отыр.

Мамыр айында «айналау» операциялары аясында шамамен 354 млрд теңге алынды. Маусым айында осы мақсатта 354 млрд теңге баламасында валюта сатылады деп күтіледі.

Ұлттық қор қаражатымен операциялар жүргізу кезінде, сондай-ақ «айналау» тетігін іске асыру барысында Ұлттық Банк нарықтық бейтараптық қағидатын ұстанады.


Мамыр айында Ұлттық Банк валюталық интервенция жүргізген жоқ.

Өткен айдың қорытындысы бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілерінің валюталық түсімінің бір бөлігін міндетті сату нормасы аясында сатылған валюта көлемі шамамен 410 млн АҚШ долларына бағаланды.

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесі 40%-дан төмен болуына байланысты Ұлттық Банк мамыр айында биржадағы сауда-саттық барысында шетел валютасын сатып алды. Мұндағы сатып алудың жалпы көлемі 878,5 млн АҚШ доллары деңгейінде немесе жалпы сауда-саттық көлемінің шамамен 13%-ы көлемінде болды.


Шетел валюталарының бағамы

динамикасы
Δ %, база (01.01.26)



Brent мұнай құны







USD/баррель



Валюта	Цена	Δ 7д, %	Δ 30д, %	Δ 2026, %
GBP	656,14	-0,09	3,78	-4,09
USD	489,33	0,39	5,14	-2,95
EUR	566,30	-0,19	3,26	-4,95
CNY	72,36	0,43	5,37	0,10
RUB	6,74	1,81	7,83	5,14

Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.

Халықаралық индекстер

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс
		7к	1а	1ж	
 S&P 500	7 431,46	0,6	-0,2	22,9	1,3
Dow Jones	51 202,26	0,7	3,0	19,2	1,3
 PTC	1 101,95	0,3	-4,8	1,1	
MMББ	2 515,33	-1,8	-6,7	-8,0	
 Hang Seng	24 718,10	-1,0	-6,3	2,8	-0,8
SS CSI 300	4 777,32	-0,8	-4,4	22,7	-2,5
 Euro Stoxx 50	6 187,63	2,1	5,6	15,4	1,8
FTSEuroFirst	6 865,00	1,6	4,1	14,8	1,7
 FTSE 100	10 471,72	1,0	1,4	17,9	0,8
 KASE	7 753,57	-0,4	2,3	35,8	

Шикізат нарығы

12.06.2026

Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж
Мұнай (Brent)	87,33	-6,2	-17,3	25,9
Мұнай (WTI)	84,88	-6,3	-16,0	24,8
Табиғи газ	3,12	-3,4	8,9	-10,7
Мыс	644,50	2,6	-2,9	33,3
Темір	797,50	2,9	-4,6	5,7
Алтын	4 219,33	-2,5	-10,0	24,7
Күміс	67,97	-1,6	-23,5	87,3
Астық	584,50	0,8	-12,1	11,0

Экономикалық уақиғалар күнтізбесі

	Валюта	Болжам	Алдыңғы
16.06 Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім	JPY	1,00%	0,75%
17.06 Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (мамыр)	GBP	3,0%	2,8%
17.06 Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (мамыр)	EUR	3,2%	3,2%
17.06 Бөлшек сауда көлемі (а/а) (мамыр)	USD	0,5%	0,5%
17.06 Шикі мұнай қоры	USD		-7,227M
17.06 ФРЖ пайыздық мөлшерлемесі бойынша шешім	USD	3,75%	3,75%
18.06 Пайыздық мөлшерлеме бойынша шешім (маусым)	GBP	3,75%	3,75%
18.06 Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғаш берілген етінімдердің саны	USD	225K	229K

Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

	Мәні	Күні	Алдыңғы ай
Жылдық инфляция	10,4%	01.06.26	10,6%
ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD	67,6	01.06.26	67,5
Ақша базасы, млрд KZT	14 840,8	01.06.26	14 919,1
Ақша масса, млрд KZT	52 675,4	01.06.26	51 730,5


Қазақстанның несие рейтингі

	Рейтинг	Күні	Алдыңғы
S&P Global	BBB-/A-3 позитивті	20.02.26	BBB-/A-3 позитивті
MOODY'S	Вaa1/тұрақты	01.10.25	Вaa2/позитивті
FitchRatings	BBB/тұрақты	15.07.25	BBB/тұрақты

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, А15G7M6,
Алматы қ., Байзақов көшесі, 280-үй, Almaty Towers
көпфункционалды кешенінің солтүстік мұнарасы, 8-
қабат

Тел.: +7 (727) 237 53 23
+7 (727) 237 53 28



KASE



FAQ

in



f



Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.

KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламған жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.